

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға
арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім
беру: басымдықтар мен ізденістер»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының**

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

**материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.**

COLLECTION

**Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova**

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

17. Кравченко А. Психология и педагогика. М.: Проспект, 2019. -400 с.
18. Rubene, Z., Svece, A. (2018). Kritiskā domāšana. Izglītība, medijpratība, spriestspēja, [Critical Thinking. Education, Media-Literacy, Reason] M. Kūles zin. redakcija LU, SIA "Latgales druka" 2. daļa, 13. lpp. Iegūts no https://dspace.lu.lv/dspace/bitstream/handle/7/45982/Euro_Kritiska_domasanas.pdf?sequence=1&isAllowed=y

ӘӨЖ 15.21.41

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПЕРФЕКЦИОНИСТІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

Асылбекова Марзия Пазиловна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі;

Касымбекова Гаухар Коккозьевна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
8D01103 – «Педагогика және психология» ББ докторанты

Перфекционизм ұғымы Еуропада өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліліп, перфекционизм тұлғаның басымдылыққа ұмтылу бағытындағы мінез-құлық көріністері, деп қарастырылған. Ғасырлар бойы жетілуге деген ұмтылыс идеясы тек бір адамның өмірінде ғана емес, бүкіл қоғамда қозғаушы күштердің бірі болып салады.

Бүгінгі таңда перфекционизм мәселесі кеңінен зерттелген жоқ, бірақ зерттеушілер үшін клиникалық-психологиялық маңызы ғана емес, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және мәдени маңызы бойынша ғалымдардың қызығушылықтарын арттыруда [1.17-23].

Перфекционизмнің жағымды және жағымсыз салдары зерттелініп, оның екі жақтылыққа ие екендігі бойынша көзқарастар да бар. Жасерекшеліктеріне байланысты студенттерде жоғарғы күйзелістік қысымдар мен эмоционалды бұзылулардың дамуы мүмкін және бейімделулеріне кедергі жасайды, деп қарастырғандар: Е.Д.Красик, Е.А.Крюков, Т.Л.Крюкова, Б.С.Положий, Г.И.Семикин және т.б. А.Б.Холмогорованың жүргізген зерттеулер нәтижесінде, 20–30% студент жастардың бейімделулері төменгі деңгейде екендігін анықтап: студенттік өмірдің сапасы мен кәсіби оқу әрекетіне жағымсыз тұрыңда әсер етіп кейбіреулерін тіпті суицидтік мінез-құлықтарға әкелуі ықтимал, деп қарастырған ғалымдар: Н.Г.Гаранян, Я.Г. Евдокимова, М.В. Москова, Г.И. Семикин, А.Б.Холмогорова және т.с.с. [1; 3-9].

Жоғарғы оқу орны студенттерінің мазасыздықтары мен депрессия күйлері, күйзеліске қарсы тұра алу қабілеттерінің төмендеуі бойынша: Н.Г.Гаранян, Д.А. Горшкова, В.В. Краснова, А.М. Мельник, А.Б.Холмогорова қарастырған. Шетел ғалымдарының (C. Chang, G.L. Flett, R. Frost, P.L. Hewitt.) және кеңес одағы мен Ресей ғалымдарының (Н.Г. Гаранян, Я.Г. Евдокимова, М.В. Москова, А.Б. Холмогорова) еңбектерінде дисфункционалды тұлғалық сипаттамаларында студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейлерінің

төмендеу себептеріне: тәуелділік, қақтығыстық, мазасыздықтарды жатқызған. Көптеген зерттеулерде перфекционизм - жоғарғы жетістікке ұмтылу, тұлға өзіне, басқаларға, қоршаған ортаға жоғарғы талаптарды қою арқылы мақсатына жетуді көздейді, деген.

Перфекционизмді депрессия, төменгі көңіл күй, қысымдықтың үнемі болу себептерін пайда болады: С. Chang, G.L. Flett, R. Frost, P.L. Hewitt, Н.Г. Гаранян, Н.Н. Карловская, М.В. Москова т.с.с; студенттердің әрекеттерге бейімділігін: Т.К. Hamilton, R.D. Schweitzer, В.В. Краснова, В.В. Парамонова, А.Б. Холмогорова қарстырса, бейімделе алмаушылық мінез құлықтарымен, өзін шеттету, өзіндік шектеулерге бейім мінез-құлық түрлерін: М.М. Антони, С.Д. Sadler, L.A. Sacks, С.А. Карзун, М.В. Ларских, «жоғары мобильділік копинг-қорлар» бойынша (М.В. Москова), емтихан алды күйзелістерін (Д.А. Андрусенко, И.Д. Хломов, А.Б. Холмогорова), әлеуметтік фобиялар бойынша (қорқыныштар): G.L. Flett, P.L. Hewitt талдаулар берген [2; 15-21].

Перфекционизм студенттердің тұлғаишілік қатынастарына әсер етеді, оның салдарынан жоғарғы бәсекелестікті бұрмалау, өзінің басқалардан басымдылығы бағытындағы мінез-құлықтарға бейімділіктері (Я.О. Жербун), жауластық, агрессивтілік (М.С. Косороткина, Н.А. Польская), басқалардың жетістігіне деген қызғаныш, көре алмаушылық, басқалардың сәтсіздіктеріне қуану сияқты мінез-құлық ерекшеліктерін (Т.В. Бескова), аталған жағымсыз мінез-құлықтар салдарынан әлеуметтік шеттетулер, қарым-қатынас тапшылығы мен қолдаудың жоқтығын субъективті түрде сезінулер бойынша: А. Arcuri, G.L. Flett, P.L. Hewitt, Т.В. Бескова, Н.Г. Гаранян, Н.Н. Карловская, М.С. Косороткина, А.Б. Холмогорова, әлеуметтік қашулар мәселесі бойынша: Н.Г. Гаранян, В.В. Краснова т.с.с. өз зерттеулерінде талдаулар берген. Перфекционизмнің жоғарғы деңгейі студенттердің оқу, кәсіби әрекеттеріне жағымсыз әсер етеді, сонымен қатар зерттеушілер перфекционизмді мінез-құлықтың жағымсыз стратегиясы – қашумен байланыстырады (Я.О. Жербун); қателесу қорқынышымен сәтсіздіктен қашу мотивациясын (Н.В. Mun, J.C. Tran, О.С. Виндекер, К.А. Иргашева); емтихан алды қорқынышымен (Д.А. Андрусенко, И.Д. Хломов, А.Б. Холмогорова и др.) және көпшілік алдында сөйлеуден қорқу (G.L. Flett, P.L. Hewitt); өзінің бағаларымен және әрекет нәтижелерімен үнемі қанағаттанбаушылық (Я.О.Жербун); өзіндік өзектендіру түрткілерінің төменгі деңгейі (И.Г.Малкина-Пых); жаңа әрекетті кейінге қалтыру тенденциясымен, прокрастинациялықпен ерекшелетіндерін (В.Г. Маралов, К. Blankstein, G. Flett, P. Hewitt) зерттеген [4.28].

«Дезадаптациялық» - бейімделе алмайтын префекционистерге жоғарғы ҰБТ ұпайымен түскен ЖОО студенттерін жатқызуға болады, оларда жетістікке ұмтылу тек мақсатты бағытты түрде ғана емес, сонымен қатар оларды жан-жақты көтермелеп, қолпаштап, өсуге бағыттайды. Ал, жүргізілген зерттеу нәтижелерінде, осындай студенттерде мазасыздық пен депрессия шкаласының жоғарғы деңгейін зерттеген ғалымдар: Д.А. Андрусенко, Н.Г. Гаранян, М.В. Москова, И.Д. Хломов, А.Б. Холмогоровалар.

Студенттердің перфекционизмін жан – жақты зерттеуде перфекционизмнің экстремалды жоғары деңгейін төмендетудің әдістерін іздеуге, перфекционизмнің бейімделу түрін – жетілуге дұрыс бағыттағы ұмтылысты дамытуға тәжірибелік және ғылыми сұраныс бар деп айтуға болады. Осы мәселені шешуде перфекционизм типологияларын зерттеуге бағытталған жұмыстарды атап өтуге болады.

Сонымен зерттеушілер перфекционизмді «қалыпты» және «невротикалық», деп бөліп қарастырған (D. Hamachek); «қалыпты» және «дисфункционалды» (W. Parker & H. Stumpf); «қалыпты» және «невротикалық» (J.S. Ashby & T. Kottman, E. A. Dixon, J. Stoeber & K. Otto); «қалыпты бейімделу» және «бейімделе алмаушылық» (P.J. Bieling, E.C. Chang, B.J. Cox, M.W. Enns, K.G. Rice & S. A. Mirzadeh, K.G. Rice & J.P. Dellwo, K.G. Suddarth & R.B. Slaney); «жағымды мәнсәпқа ұмтылыс» және «бейімделмеген перфекционистік қасиет, мазасыздық» (R.Frost); «функционалды» және «дисфункционалды» (J.Rhéaume & M.H. Freeston); «адал» және «өзіндік жоғары бағалау перфекционизмі» (R.W. Hill); «тұлғалық стандарттар перфекционизмі» және «бағалау бойынша мазасыздықтың жоғарғы деңгейі» (D.M. Dunkley); «жағымды ұмтылыс» (P.J. Bieling); «белсенді» және «енжар» (K. Adkins & W. Parker); «қанағаттандырған» және «қанағаттанбаған» (D. Johns, P. Slade); «таза «Мен»ге бағытталған перфекционизм», «таза әлеуметтік бағыттағы перфекционизм», «аралас перфекционизм» (V. Franche, P. Gaudreau, D. Miranda); «аралас бейімделген перфекционизм», «терең перфекционизм» бойынша зерттеулер жүргізген [8.45].

Егер, перфекционизм критерийлерін атап өтетін болсақ: өзін өзектендіруге ұмтылыс (K. Хорни); жетістікке ұмтылу мотивациясы (D.Hamachek); ұйымдастырушылықтың жоғарғы деңгейі мен өз әрекетінің нәтижелеріндегі кемшіліктерге мен қателіктер бойынша төменгі мазасыздық, ата-ана пікірлерін қабылдаулар мен олардың сын пікірлерін қабылдауға деген төменгі деңгей (E.C. Chang, K. J. Rice & J. P. Dellwo, K.J. Rice & S.A. Mirzadeh); шынайы «Мен» және идеалды «Мен» арасындағы айырмашылықтың төменгі деңгейі (J.S. Ashby, W.L. Dickinson, R. Gilman, J.L. Martin, M. Mobley, S. Periasamy, K.J. Rice, R.B. Slaney) [1.39-51].

Қалыпты, бейімделе алатын перфекционизм қағидаттарының ішінде адамгершілік және руханилық қарастырылмағанын атап өтуге болады.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдаулар бойынша перфекционизмнің бейімделе алмаған түрлерін түзетуге бағытталған жұмыстардың аздығы байқалды, олай болса аталған мәселе бойынша маңызды бірнеше тұғырларды атап өткенді жөн көрдік. Психодинамикалық тұғырда нақты тілектер, ұмтылыстар туралы эмоционалды хабардар болуға және оларды невротикалық, «идеалданған» пікірлерден бөлуге баса назар аударылады (А. Адлер, К. Хорни). Когнитивті тұғырдың басты бағыты - иррационалды сенімдермен жалпылау (J.C. Barrows, D. Burns, G. Flett, F. Frost, P. Hewitt, C. Lahart, P. Marten, C. Moore, R. Rosenblate); бихевиористік тұғырда – перфекционистік мінез-құлықтарға қарама - қарсы түрлерін қарастырып, әртүрлі тренингтер ұйымдастыру (М.М.

Antony, V. Huta, C.L. Purdon). Кеңінен таралған тұғырдың бірі – когнитивті бихевиоралды тұғыр онда когнитивті технологиялар мен мінез-құлық бірлестігін қарастырады (M.M. Antony, A. Ashbaugh, S. Broday, K. Ferguson, M. King, A. Liss, W. Mansell, L. Summerfeldt, E. Randi, G. Rodway, R. Shafran, R.P. Swinson). Интегралды экзистенциалды тұғырда шынайылықты қабылдап, өмір мәнділігін түсіну бағытында (A. Harder). Тұтастылық тұғырда перфекционизм деңгейінің төмендеуіне емес, ғылыми ортада қалыпты, конструктивті жетістікке ұмтылу түрлерін дамыту [9.71].

Перфекционизмнің психологиялық құбылысымен байланысты зерттеулердің кең спектріне қарамастан, аталған мәселе бойынша тұтас және жүйелі талдаулар жасалмағаны анықталды. Алайда, қоғамның өзгерістері жағдайында тұлғаның негізгі сапаларына да басқаша көз қарастар бар. Тұлғаның негізгі сипаттамаларының бірі ретінде - өзіндік жетілулер немесе перфекционизмді қарастыруға болады. Тұлғаның өзіндік жетілулері мен перфекционизмді сәйкестендіру бойынша А. Адлер, Р. Frost, Д.Бернс, Г.Флетт, П.Хьюитт, Д.Хамачек, М. Холен сияқты зерттеушілер перфекционизмді тұлға әрекеті нәтижесін жетілдіруге деген ұмтылысы ретінде қарастырылады. Перфекционизм психологиялық категория ретінде—тұлғаның өзіне шектен тыс жоғары талаптар қою себептерінен өзінің әрекетінің нәтижелерінен қанағаттану сезімдерінің болмайтындығы жағынан талдаулар жасалған. Перфекционизмнің психологиялық құрылымы бойынша мәселелер өзектігін жоймайды: Д.Хамачек, П.Слэни, Н.Г.Гаранян, В.Паркер, А.Б.Холмогорова. Перфекционизм - тұлғаның жоғары талаптары ғана емес, сонымен бірге танымдық және тұлғааралық өлшемдерді қамтитын құрылым деген пікірлер де бар [3.18].

Г.Флетт пен П.Л. Хьюитт перфекционизмнің үш түрін бөліп көрсетті:

1. Субъективті немесе тұлғаның өзіне бағытталған перфекционизм (өз кемшіліктері мен сәтсіздіктерін қабылдау мүмкін болмаған жағдайда өзін сынауға қойылатын жабық талаптарды білдіреді).

2. Объектіге бағытталған перфекционизм (басқаларға шамадан тыс талаптар қою).

3. Әлеуметтік перфекционизм (субъектіге орындалуы шарт шектен тыс жоғарғы талаптар қойылады) [6.9].

Сонымен, перфекционизм - шамадан тыс жоғары тұлғалық стандарттарды белгілеу, әрекеттің жоғары нәтижелеріне ұмтылу болып табылатын құбылыс. Өзіне, басқаларға деген жоғары талаптармен және қоғам талаптарына сәйкестікпен байланысты күрделі феномен.

Қорытындылай келе жоғарғы оқу орындарда келешек мамандардың өзіндік дамулары, өзіндік жетілулері, өзін-өзі өзектендіріп, белсендіре алатын тұлғалық сапаларын дамыту негізгі міндеттері деуге болады. Бұл міндетке қол жеткізудің маңызды компоненттерінің бірі - студентті ынталандыру.

Оқу іс-әрекетіндегі студенттердің перфекционистік қатынастары үнемі алда болуға, әртүрлі жарыстар мен пән бойынша олимпиадаларда жеңіске жетуге деген ұмтылыста жүзеге асырылады, яғни өмірдің мәні тұрақты жоғары

нәтижеге қол жеткізу бағытында болады. Егер пәнді оқу мен меңгеруде қандайда бір қиындықтар болса, оны жеңуге деген сенімсіздіктері басым болса, онда перфекционист студенттердің оқу мотивациясы төмендейді, оқуға деген қызығушылықтары жоғалуы да мүмкін, демек жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісінде студенттердің перфекционистік қатынастарын жағымды жаққа бағыттаудың мәні зор. Олай болса келешек мамандардың бойында жағымды перфекционизм - жоғарғы жетістікке ұмтылу, тұлға өзіне, басқаларға, қоршаған ортаға жоғарғы талаптарды қою арқылы мақсатына жетуді көздейтін бағыттағы қасиеттерді дамытуымыз маңызды.

Әдебиеттер:

1. Larskikh, M.V. Cinema-therapy as a means of formation of spirituality among students who study to be psychiatrists / M.V. Larskikh // Zbornik sažetaka Opatija (27–29 ožujka, 2015). – 2015. – P. 23–25. – 0,12 п.л.
2. Ларских, М.В. Программа формирования конструктивного перфекционизма учителя / М.В. Ларских. – Воронеж : ВГПУ, 2010. – 36 с. – 2,25 п.л.
3. Ларских, М.В. Психологическая помощь студентам с высоким уровнем перфекцио-низма : учебное пособие для студентов медицинских вузов / М.В. Ларских. – Воро-неж : ВГПУ, 2013. – 49 с. – 3,06 п.л.
4. Гаранян Н. Г. Перфекционизм и психические расстройства (обзор зарубежных эмпирических исследований) // Терапия психических расстройств. — 2006. — № 1. — С. 23–31.
5. Гурвич И. Н. Социальная психология здоровья. — СПб.: Изд-во СПбГУ, 1999. — 1023 с.
6. Ильин Е. П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень. — СПб.: Питер, 2011. — 224 с.
7. Ижболдина Е. Л. Психологические особенности перфекционизма у студентов // Студенческая наука и XXI век. — 2018. — Т. 15. — № 2(17). — Ч. 2. — С. 260–262.
8. Гаранян, Н.Г. Перфекционизм, депрессия и тревога. [Текст]/ Н.Г. Гаранян, А.Б. Холмогорова, Т.Ю. Юдеева // Московский психотерапевтический журнал. — 2001. — №4. — С. 18-48.
9. Гаранян, Н.Г. Интегративная психотерапия тревожных и депрессивных расстройств на основе когнитивной модели. [Текст] / Н.Г. Гаранян, А.Б. Холмогорова// Московский психотерапевтический журнал. — 1996. — №3. — С. 112-140.